

2 Алпамысова Ф.Н. Значение преступных последствий. - Алматы: Юриздат, 2018. – 441 с.

3 Смитиенко А.В. Криминологические и правовые проблемы борьбы с наркоманией и наркотизмом. – Кокшетау.: Академия МВД, 2022. – 300 с.

4 Ogel, Kultegin; Taner, Sevil; Tosun, Musa; et al. JOURNAL OF PSYCHOACTIVE DRUGS. - Volume: 38. - Issue: 3. - Pages: 297-304 Published: SEP 2016

5 Закон Республики Казахстан от 10 июля 1998 года № 279-І «О наркотических средствах, психотропных веществах, их аналогах и прекурсорах и мерах противодействия их незаконному обороту и злоупотреблению ими» // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1009806&pos=5;-111#pos=5;-111](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1009806&pos=5;-111#pos=5;-111)

6 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V // [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575252#sub\\_id=0](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252#sub_id=0)

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫНЫҢ КЕПІЛДІГІ - ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК НЫСАН**

*Жұмабаева Ж.Ж.*, з.ғ.м., аға оқытушы  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

*Ғылыми мақала BR 27882414 «Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульді орталықтар желісін тәжірибелік енгізу» жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитеті қаржыландырған 2023-2025жж. арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалған.*

Қылмыстық іске қатысушылардың іс жүргізушілік кепілдіктерінің мазмұнына әдетте қылмыстық іс жүргізушілік қызметтің субъектілерінің құқықтары мен міндеттері; қылмыстық процестік нысан; бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін қылмыстық іс-жүргізу құқығының жекелеген институттары; сот өндірісінің қағидалары жатқызылады.

Зерттеліп отырған тақырып шеңберінде, біз үшін маңыздысы – қылмыстық процестің кәмелетке толмаған қатысушыларының іс жүргізушілік кепілдігі ретіндегі дифференциацияланған процестік нысанды талдау, оның алғышарттарын анықтау, мәні мен мағынасын талдау және маңыздылығын бағалау болып табылады.

Қылмыстық процестік нысанның түсінігі, әрқашан талқыға салынып, белді ғалымдардың зерттеу пәні болған.

М.С.Строгович қылмыстық-процестік нысанға келесі анықтама береді: қылмыстық-процестік нысан ол – қылмыстық істі жүргізуші органдардың және іске қатысушы өзге тұлғалардың қылмыстық процестік заңмен белгіленген уәкілеттіктерін жүзеге асырудың негізінде жатқан шарттардың жиынтығы [1].

В.И.Шпилев, қылмыстық процестік нысан нақты бір нәтижеге жетуді көздейтін қылмыстық процесс қатысушыларының әрекеттеріне қойылатын біркелкі процедуралық талаптар жиынтығы деп анықтайды [2].

Д.С. Карев пікірінше, қылмыстық процестік нысан - ол қылмыстық істерді тергеу және істі сотта қарау кезінде іске қатысушылардың тергеу және сот әрекеттерін жасауы үшін заңмен белгіленген шарттардың жиынтығы [3].

М.А. Якуб, қылмыстық процестік нысан - қылмыстық істерді қозғау, оларды тергеу және шешу бойынша сот, тергеу және прокуратураның, сондай-ақ процеске қатысатын өзге тұлғалардың процестік әрекеттерінің құқықтық нысансы деп түсінеді [4].

Жоғарыда айтылғанды түйіндей келе, процестік нысанның келесі қасиеттерін атай аламыз: қылмыстық процестік нысан – ол қылмыстық процестің мақсатына жету; қатысушылардың қылмыстық процестік қатынастар шеңберіндегі әрекеттерін реттейтін қылмыстық процеске қатысушыларының әрекеттеріне қойылатын талаптар мен шарттардың жиынтығы.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің процестік нысанмен нақтыланған тәртібі, іске қатысушыларды негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда - оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың

алдын-алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс, яғни, жалпы қылмыстық процесс міндетімен тең. Осы мақсатта қылмыстық іс жүргізу тәжірибесіне іс жүргізушілік нысанның әр қилы үлгілері құрылып тәжірибеге енгізілуде. Іс жүргізушілік нысан қылмыстың ауырлығына, қоғамға қауіптілігіне байланысты қолданылуы мүмкін.

Алайда, жалпыға бірдей, унификацияланған қылмыстық процестің біркелкі нысаны аталған мақсатқа жетуді қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті қылмыстық процесте жекелеген жағдайларда дифференциацияланған процестік нысандар әрекет етеді.

Қылмыстық процестік нысанларының дифференциациясына, М.Л.Якубтың пікірі бойынша, келесі факторлар әсер етеді: а) қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесі және жазаның ауырлық мөлшері; ә) істің күрделілігі; б) істің қоғамдық- саяси мәні; в) арнайы тұлғалардың, ұйымдардың мүдделері үшін қылмыстың маңызы [4].

Сан алуан соттық өндіріс түрлерін жүзеге асырылу бойынша, оларды бірнеше топтарға бөлу қарастырылған. Алайда оларды бөлу негіздері мен олардың мәні мен саны жайлы мәселе әлі күнге дейін пікірталас тудырып біркелкілік сипатқа ие емес [6].

Жалпы, іс-жүргізушілік нысанның дифференциациясы деп – негізгі, қалыпты іс-жүргізушілік нысанмен қатар, қоғамдық қауіптілігі төмен қылмыстық құқықбұзушылықтарға қатысты жеңілдетілген өндірістің болуын қарастыра отырып, сәйкесінше, қауіптілігі жоғары қылмыстар бойынша, немесе құқықтары мен мүдделерінің сақталуының ерекше, жоғары дәрежеде қорғауды талап ететін жағдайларда – күрделенген іс жүргізушілік нысандарды қарастыратын сот өндірісінің құрылымы деп түсіну керек.

Процессуалдық нысанның күрделенуі нәтижесінде, қылмыстық сот өндірісінде кейбір санаттағы қылмыстық істер бойынша ерекше тәртіппен қарастырылатын немесе ерекше соттық өндірістер бөлініп шығарылған. Оларға, мысалы, алқабилердің қатысуымен қылмыстық істі сотта қарау; кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық сот өндірісі; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі; иммунитет пен артықшылықтары бар тұлғаларға қатысты қылмыстық сот өндірісі сияқты ерекшеленген күрделену жолымен дамыған дифференциацияланған процессуалдық нысандар жатады.

Жоғарыдағы негізделе отырып, қылмыстық процестің мақсаттарына жетудің тиімді жолдарын көздейтін дифференциацияланған процестік нысандарды қылмыстық процесс қатысушыларының, ал осы мақала аясында, кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуының кепілдігі деп білеміз.

Қылмыстық іс жүргізу кепілдіктері – ол қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының құқықтарын жүзеге асыруды қамтитын, құқықтарды қорғау мен олар бұзылған жағдайда қалпына келтіретін, сондай-ақ заңды мүдделерді қорғайтын құқықтық нормалармен бекітілген құралдар жүйесі.

Қылмыстық іс жүргізу кепілдіктерінің мәні - қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етілуіне арналған объективті жағдайларды және іс жүзіндегі алғышарттарды қарастыруға болады. Құқықтардың және заңды мүдделердің кепілдіктерінің құндылығы олардың құқықтық нормаларда бекітіліп, кейіннен сот өндірісінің барық қатысушыларымен орындалуға міндеттілігінде.

Кәмелетке толмағандарға қатысты күрделенген процестік нысанның болуының негізінде, әрине, объективті түрде кәмелетке толмағандардың жас ерекшелігі жатыр. Осыған байланысты олардың құқықтарын және заңды мүдделерін қосымша қорғауды талап етілетіндігін мойындау нәтижесінде, қылмыстық іс жүргізушілік теорияның және заңнаманың осы бағытта дамуы заңдылық болып табылады. Бұл жағдайды, кәмелетке толмағандарға қатысты процессуалдық нысанның жіктеліп шығуының субъективті алғышарты деп тануға болады.

Кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқықбұзушылық туралы істері заңшығарушы органмен ерекше өндіріс ретінде бөлек тарау болып шығарылып, арнайы іс жүргізушілік тәртіп орнатылған. Бұл құқық қолданушыларға кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктеріне байланысты қылмыстық іс жүргізудің арнайы спецификасы бар екендігін және заң шеңберінде тергеп-тексерудің толық, жан-жақты жүргізілуіне мүмкіндік беруді көздеп отыр. Кәмелетке толмағандардың жас ерекшелігі ересектермен салыстырғанда психофизиологиялық толық жетілмеуі және зияткерлік, ерік-жігері және психикасының толық қалыптаспауына байланысты, қоғамдағы болып жатқан әртүрлі оқиғалар мен құбылыстарды қабылдау, сіңіру және өзінің іс-әрекетіне өмірлік тәжірибесінің болмауына байланысты толық баға бере алмауымен түсіндіріледі [7].

Осыған байланысты, қылмыстық іс жүргізушілік ойдың дамуы және ерекше процессуалдық нысанның қалыптасуы, әлемде танылған және саналы түрде қабылданған объективті және субъективті түрде негізделген жағдай деп қарастыруға болады. Қазіргі таңда, кәметке толмағандарға қатысты процестік нысанның жекеленіп шығуының нормативтік негізі болып келесі халықаралық және ұлттық заңнама акттері жатады – ол 1959 жылғы 20-қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 1386 (XIV) резолюциясымен қабылданған «Бала құқықтарының декларациясы», 1985 жылғы 29-қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 40/33 резолюциясымен қабылданған «Кәметке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері)», 1989 жылғы 20-қарашада қабылданған Бала құқықтары конвенциясы; Біріккен Ұлттар Ұйымының кәметке толмағандар арасындағы қылмыстылықты алдын алуға басшылыққа алатын қағидалар (Эр-Рияд қағидалары), Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айрылған кәметке толмағандарды қорғауға қатысты ережелер (ПООНКЗН) және осы халықаралық нормалар көрініс тапқан ұлттық заңнамалық нормалар, оның ішінде атап айтсақ ҚР қылмыстық-процестік кодексі. Яғни, бүгінгі таңда, қылмыстық процесске қатысатын кәметке толмағандардың бас ерекшеліктеріне байланысты, олардың қосымша қорғауды жалпыәлемдік деңгейде мойындап отырғанын пайымдаймыз [8].

Жоғарыда атап өткендей, процестік нысанмен қойылатын талаптар мен шарттар нормативтік сипатқа ие, яғни міндетті түрде заңнамалық актілерде бекітіліп, жалпыға міндетті болып табылады. Осы себепті, Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісі саласындағы заңнаманы талдау нәтижесінде, кәметке толмағандарға қатысты қылмыстық процессуалдық нысаны, келесі ерекше процессуалдық тәртіпті көздейтінін көре аламыз:

1. Кәметке толмағандарға қатысты қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру міндетті түрде алдын-ала тергеу тәртібімен жүргізіледі. Аталған санаттағы қылмыстық істерді тек алдын-ала тергеу тәртібімен жүргізу негізді, себебі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басқа нысандары – анықтау, хаттамалық нысан тәртіптері – кәметке толмағандардың құқықтарының толыққанды сақталуын қамтамасыз ете алмайды.

2. Кәметке толмағандар қылмыстық процесте ересек тұлғалармен қатар іске тартылған жағдайда – оған қатысты өндіріс бөлініп, жеке тергеледі.

3. Кәметке толмағандар қатысқан қылмыстық істер бойынша іс жүргізудегі процестік қатысушылар шеңбері кеңейеді. Бұл заңшыраушы тарапынан құқыққолданушыға кәметке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің толық қамтамасыз етілуіне кепілдік бере отыра, міндетті түрде заңды өкілдердің қатыстырылуы (ата-анасы, асырап алушылар, қорғаушылар, қамқоршылар, сонымен қатар күдікті, айыпталушыны немесе жәбірленушіні қорғап немесе асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері).

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Президентінің 2008 жылғы 19 тамызындағы №646 Жарлығына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылған. Олар кәметке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл халықаралық тәжірибені басшылыққа ала отыра, кәметке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүргізудің барлық сатысында тиімділігі мен сапасын арттыруды көздейді мамандандырылған адвокат қорғаушының, кәметке толмаған күдікті ретінде ұстап алынғаннан бастап, кәметке толмағандардың қатысқан әрбір тергеу әрекетінде қатысуын қамтамасыз етуді көздейді. Қылмыстық іске қатысты тергеушімен жүргізілген тергеу әрекетінің мақсаты - кәметке толмағанның кінәсінің бар не жоқ екендігіне қатысты дәлелдемелік ақпаратты жинаудан тұрады. Тек заңдық жағынан емес, әлеуметтік-психологиялық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында педагог-психологтың қатыстырылу мәселесі өзінің оң шешімін тапты.

Педагог, психологтың шақыртылуы, сарапшы мен маманның қорытындысы, кәметке толмағандардың қылмыстық сот істерін шешу барысында арнайы білімін пайдалану арқылы құқыққолданушының істі тиімді және оңтайлы шешуді қарастырады.

4. Кәметке толмағандарға қатысты өндірістің процестік нысаны - ҚР ҚПК 113-бабында көзделген жалпы дәлелдеу пәнімен қатар, кәметке толмағандардың қылмыстық істері бойынша қосымша дәлелдеу пәнін қарастыруды міндеттейді. Бұл жалпы дәлелдеу пәнімен қатар қосымша дәлелдеу пәнінің болуы - кәметке толмағандардың жас ерекшелігімен байланысты ерекшеліктерін ескеруден туындайды. Олардың құқықтарының сақталуына басымдылық беруден шығып отыр. Кәметке толмағанның жасын анықтау, растайтын не куәландыратын құжаты болмаған кезде маманның қорытындысына жүгіну. Кешенді сараптама тағайындау міндеттілігі, бұл жас мәселесін шешуде ғана емес, кәметке толмағандардың өмір сүруі және тәрбиелену

жағдайын бақылауда, олардың зияткерлік, ерік-жігер және психикалық даму дәрежесін, мінезі мен темперамент ерекшелігін, қажеттілік пен мүдделерін қарастыру барысында орын алады. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың істерін қарау барысында, кәмелетке толмағанға қатысты ересек адамдар тарапынан және өзге адамдар тарапынан ықпалдың болуы, психологиялық, физикалық ықпал ету жағын қарастыруды көздейді [9].

5. Кәмелетке толмағандарға қатысты істерде жариялылықты шектеу мәселесі де өз орнын тауып отыр. Бұл осы категориядағы процеске қатысушылардың құпиялықты сақталуының қылмыстық процестің барлық кезеңінде де қолданылатынын көрсетеді.

Қорытындылай келе, қылмыстық процестің мақсаттарына жетудің тиімді жолдарын көздейтін дифференциацияланған процестің нысанларды қылмыстық процеске қатысушы-кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуының кепілдігі деп білеміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. - М.: Наука, 1968. - 451 с.
- 2 Шпилев В.И. Содержание и нысан уголовного производства. - Минск: Издательство РГУ, 1974. - 327 с.
- 3 Советский уголовный процесс / Под. Ред. Карева Д.С. - М.: Высшая школа, 1968. - 338 с.
- 4 Якуб М. Процессуальная нысан в советском уголовном процессе. - М.: Право, 1981. - 228 с.
- 5 Свиридов М.К. О сущности и основаниях дифференциации уголовного процесса. –Томск, 1997. - С.241-242.
- 6 Трухачев В.В., Ахмедов У.Н. Законный представитель несовершеннолетнего в уголовном судопроизводстве: понятие, процессуальный статус. // Вестник ВГУ.Серия: Право.-2017.№3.-С. 248-256.
- 7 Шарипова А.Б. Правовой статус несовершеннолетнего в уголовном судопроизводстве. // Вестник КазНУ. Серия юридическая №3 (79).2016. –С.157-160
- 8 Алимова Э.А. Участие специалиста в уголовном процессе как гарантия обеспечения и защиты прав и свобод несовершеннолетних. // Вестник КазНУ. Серия юридическая №4 (84). 2017. . –С.97-103
- 9 Терентьев А.В. Гарантия защиты прав несовершеннолетних в уголовном судопроизводстве. // Журнал Юридическая наука 2023. –С-263-266

### **ПРИНЦИП ОБЕСПЕЧЕНИЕ КВАЛИФИЦИРОВАННОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ**

*Кайралапова Л.Т.*, магистрант 1 курса специальности 7М04212 «Адвокатская и нотариальная деятельность» Атырауского университета им. Х. Досмухамедова

В современном мире верховенство закона и защищенность прав граждан являются фундаментом для дальнейшего социально – экономического развития страны.

В Послании Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 года Касым-Жомарт Кемелевич Токаев четко обозначил необходимость обеспечения равенство между адвокатом и прокурором [1]. Во исполнение послания Президента Республики Казахстан в статью 70 Уголовно- процессуального кодекса Республики Казахстан внесены изменения, расширяющие полномочия защитника Законом Республики Казахстан от 9 июня 2021 года № 49-VII ЗРК [2]. Также в УПК введено нововведение, определяющее порядок опроса адвокатом лица, предположительно владеющего информацией, относящейся к уголовному делу отраженной в ст. 210-1 УПК.

Вместе с тем, принимаются дальнейшие меры по расширению и усилению полномочий стороны защиты, о чем свидетельствует Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674 (далее - Концепция) [3]. В Концепции предусмотрено продолжение развития принципа состязательности и равноправия сторон путём максимального обеспечения доступа граждан к правосудию, а также исключение обвинительного уклона, расширение и усиление полномочий стороны защиты в сборе фактических данных, имеющих значение для уголовного дела, усиление механизмов, направленных на обеспечение и неукоснительное соблюдение конституционных